

Есепті жылы Директорлар Кеңесі мүшелерінің жеке қатысуымен өткізілетін Директорлар Кеңесі отырыстарының санының қысқаруы коронавирустық инфекция бойынша пандемиямен байланысты.

2019 жылмен салыстырғанда Директорлар Кеңесі отырыстарының жалпы саны 18-ден 16-ға дейін, 2018 жылмен салыстырғанда – 20-дан 16-ға дейін қысқарды, бұл оң динамиканы көрсетеді.

Кодекстің 2-бөлімі 5-тарауының 15-тармағына сәйкес «Корпоративтік хатшыға қатысты ұйымда лауазымға енгізу және сабақтастықты жоспарлау бағдарламасы әзірленеді.».

Кодекстің осы талабы есепті кезеңде ҚМГ-де сақталмаған. 2020 жылы ҚМГ Корпоративтік хатшысы қызметі қызметкерлерінің саны едәуір қысқарып, қызметкерлердің жоспардан тыс кетуіне алып келді және осыған байланысты есепті кезеңде Корпоративтік хатшы қызметі корпоративтік басқаруды жетілдіру шеңберінде компанияның бірінші кезектегі міндеттеріне шоғырланды, ал бөлімшенің жекелеген тікелей іс-шаралары ресурстардың жеткіліксіздігі себебінен кейінге қалдырылды. Корпоративтік хатшыға қатысты лауазымға енгізу және сабақтастықты жоспарлау бағдарламасын әзірлеу жөніндегі іс-шаралар Корпоративтік хатшы қызметінің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарына енгізілген.

Кодекстің 2-бөлімі 6-тарауының 7-тармағына сәйкес «Директорлар Кеңесі Аудит жөніндегі Комитетпен бірлесіп тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне жыл сайынғы бағалау жүргізуге жауапты болады.».

Кодекстің осы талабы есепті кезеңде ҚМГ-де тұтастай сақталды. ҚМГ Директорлар Кеңесінің 13.12.2016ж. шешімімен (№17/2016 хаттама) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының Тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесі жөніндегі саясатының 6.2.7-бөліміне сәйкес ҚМГ Ішкі аудит қызметі тәуекелдерді басқару процесінің тиімділігін бағалауды жүзеге асырады, ҚМГ Директорлар Кеңесін ҚМГ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесіндегі елеулі кемшіліктер туралы хабардар етеді, сондай-ақ тәуекелдерді басқару процесін жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлейді. ҚМГ Ішкі аудит қызметі ұсынымдарының орындалуына жүргізілетін мониторинг шеңберінде 2020 жылғы 21 желтоқсаннан бастап 2021 жылғы 22 қаңтарға дейін 2016 жылы жүргізілген ҚМГ мен еншілес және тәуелді ұйымдардың тәуекелдерін басқару процесі аудитінің нәтижелері бойынша пост-аудит жүргізілді.

ІРІ МӘМІЛЕЛЕР ЖӘНЕ МҮДДЕЛІЛІК БАР МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

ІРІ МӘМІЛЕЛЕР

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі және (немесе) Акционерлердің жалпы жиналысы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және ҚМГ ішкі құжаттарына сәйкес ірі деп танылатын мәмілелерді қабылдамады¹.

МҮДДЕЛІЛІК БАР МӘМІЛЕЛЕР

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі және (немесе) Акционерлердің жалпы жиналысы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және ҚМГ-нің ішкі құжаттарына сәйкес мүдделілік бар мәмілелер деп танылатын мәмілелерді қабылдамады. Бұл ретте, 2020 жылдың екінші жартысында шарттары ҚМГ-нің коммерциялық құпиясын құрайтын мүдделілік бар мәміле жасалды².

¹ «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңына сәйкес нәтижесінде құны қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын мүлікті қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы ірі мәміле деп танылады

² «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңына сәйкес нәтижесінде қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің он және одан көп проценті сомасына мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын мәмілелер мүдделілік бар мәмілелер танылады